

С.К. Күмісбеков^{1*}, С.М. Сабитов², М.Т. Акимжанова³

¹Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан;

²Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан;

³Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: skumisbekov@mail.ru, seke_71_7@inbox.ru, akimzhanova.marzhan@mail.ru,
Scopus Author ID: 57204332730)

Қазіргі кезеңдегі кибербуллингтің алдын алу мәселелері

Интернет-кеңістіктегі агрессивті мінез-құлық Қазақстанда және шетелдерде жасөспірімдер арасында жиі кездесе бастады. Қазіргі уақытта кибербуллинг өте кең таралып, ең өзекті мәселеге айналып отыр. Мұндай психологиялық зорлық-зомбылықтың түріне мектептегі жасөспірімдерге жиі ұшырайды. Ақпараттық технологиялар мен басқа да байланыс құралдарының дамуымен жасөспірімдерді қудалау нақты өмірден Интернетке көшті. Мақалада білім беру ортасындағы буллинг пен кибербуллинг мәселелерін зерттеуге арналған кейбір заманауи шетелдік зерттеулерге шолу жасалған. Сонымен қатар, жасөспірімдер мен жастар арасындағы заманауи технологиялар мен Интернет арқылы жасалатын кибербуллингті зерттеген шетелдік әдебиеттерде қарастырылған. Бұл мәселенің негізгі ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама берілген, кибербуллингтің негізгі себептері талданған. Қазақстан заңнамасында кибербуллингтен қорғаудың тиімді құралдарының жоқтығына ерекше назар аударылған. Авторлар жазаның шамалы мөлшері және істердің осы санаттары бойынша соттылықтың болмауы азаматтардың жазасыздық сезімін тудырады және кибербуллингтің өсуіне әкелді деген қорытынды жасайды. Мақалада буллингпен тиімді күресу үшін медитация тәжірибесін енгізу ұсынылған. Оқушылар арасында қудалаудың туындауын және дамуын болдырмауға бағытталған алдын алу іс-шараларын әзірлеу және мәселені одан әрі зерделеу қажеттілігі мәселелері ашылған. Бұл зерттеу кибербуллингтің алдын-алу және алдын-алу шараларын жасауға мүмкіндік береді. Педагогтердің, психологтардың, әлеуметтанушылар мен заңгерлердің күшімен кибербуллингті зерттеу қажеттілігі негізделген.

Кілт сөздер: кибербуллинг, агрессия, буллингтің алдын алу, кибербуллинг түрлері, шетелдік тәжірибе, девиантты мінез-құлық, медиация, зорлық-зомбылық.

Kіріспе

Әлеуметтік желілер жыл сайын бүкіл әлемде қарқын алып келеді, ал 2020 жылы басталған коронавирустық пандемия бұл үдерісті жеделдетті. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, әлемде пандемия кезінде интернет-трафик 47 пайызға өсті, бұл бір жағынан білім берудің онлайн режиміне көшуіне байланысты.

Сонымен қатар, мұндай жылдам цифрландырудың теріс жақтары да бар, атап айтқанда: онлайн алаяқтық, киберқылмыс, аккаунтты бұзу және кибербуллингтің өсуі. Соңғысы туралы айтатын болсақ, желідегі қорқыту немесе кибербуллинг үрдісі барған сайын танымал бола бастады. Mail.ru ресейлік интернет-компаниясының зерттеуіне сәйкес, пандемия кезінде желідегі агрессия деңгейі 47 % -ға өсті, ал Рунет қолданушыларының шамамен 58 % -ы қорқытудың түрлі көріністеріне тап болды [1]. Біздің еліміздегі интернет тұтынушылар көпшілігі орыс тілді сайттардың тұтынушылары болып табылады.

Мамандардың зерттеуі бойынша, 11 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 11 % -ы басқа адамдарға кибербуллингке қатысқан, ал 12 % өздеріне кибербуллинг жасағанын мойындаған. Кибербуллингке ұшыраған жасөспірімдердің 80 % қыз балалар екені анықталған [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында кибербуллинг мәселесіне назар аударды және осы мәселені реттеу үшін заңнамалық базаны әзірлеуді тапсырды [3].

БҰҰ кибербуллингті Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ Конвенцияның 19-бабын бұзады деп таниды. Бұл Конвенцияға сәйкес, кәмелетке толмағандарды кез келген физикалық, психологиялық немесе психикалық формадан қорғануға кепілдік беріледі. 2014 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы буллингтің кез келген нысанымен күрес бойынша қарар қабылдады және қатысушы-мемлекеттерді балалар мен жасөспірімдерді қорғау бойынша белсенді күресуге шақырды.

Қазақстанда 2020 жылы мониторинг барысында интернет ортада кибербуллинг бойынша 70 мыңға жуық фактілер анықталды, ал 1800-ге жуық әлеуметтік желілер әкімшілігіне және мессенджерлерге материалдарды жою туралы өтінішпен жіберілді. Ал 2021 жылы бұл көрсеткіштер өсті — 140 мыңға жуық заң бұзушылық фактілері анықталды [4].

Буллинг ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап шет мемлекеттерде белсенді зерттеле бастағанына қарамастан, біздің елімізде бұл тақырып құқықтық қалыптасу үстінде. Осы тақырып бойынша мына шетелдік ғалымдар айналысқан болатын: В. Latane, S. Nida, (1981) [5]; D. Olweus, (1993) [6]; Y. Benjamini, Y. Hochberg, (1995) [7]; R. Slonje, P.K. Smith, (2008) [8]; R.S. Tokunaga, (2010) [9].

Зерттеудің объектісі – 10 және 21 жас аралығындағы жастар.

Зерттеудің пәні — әлеуметтік желілердің жастардың девиантты мінез-құлығына әсер етуі.

Мақаланың мақсаты — кибербуллингтің негізгі детерминанттарын анықтау және оның пайда болу мен таралу алгоритмін, криминологиялық, әлеуметтік, құқықтық себептерін зерделеу және профилактикалық шараларды ұсыну.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

- кибербуллингтің түрлерін талқылау;
- кибербуллинг бойынша шетелдік мемлекеттердің заңнамасына салыстырмалы талдау жасау;
- кибербуллингке алып келетін себептерді анықтау;
- кибербуллингтің алдын алу бойынша ұсыныстар әірлеу.

Әдістері мен материалдар

Тақырыпты зерттеу мақсатында Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің ғылыми қайнар көздері мен заңнамалары зерттелді және талданды. Буллингтің құқықтық аспектілерін талдау кезінде келесі әдістер қолданылды: талдау және синтез, индукция және дедукция, салыстырмалы аналитикалық, ғылыми жалпылау, логикалық, формальды құқықтық, сауалнама алу әдісі. Сауалнама алу әдісі мұғалімдерге, оқушыларға және олардың құрдастарына қатысты пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Кибербуллингтің түрлері. Кибербуллинг — бұл сандық технологияларды пайдалану арқылы қорқыту. Кибербуллинг әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Бұл қорқыту нысанасына айналған адамды қорқытуға, ашуландыруға немесе масқаралауға бағытталған мақсатты мінез-құлық моделі.

Шеттету — Интернеттегі қарым-қатынас ортасынан құрбанды қасақана шеттетеді, мысалы: ойынға, кездесулерге немесе топқа кіргізбеуі, онлайн-әңгімелерден шығарып тастауы;

Қудалау — баланы не жасөспірімді хабарламалар арқылы қорлау сөздер жазып жеке не топ чаттарына жібереді;

Аутинг — жеке ақпаратты иесінің рұқсатынсыз жариялау, тікелей қорқытулар, өсектер жариялау;

Хейтинг — қорлаушы комментарийлер жазушылар және оның фотосының астындағы немесе хат алмасудағы адам туралы жағымсыз пікірлер.

Киберкездесу — ересек адамдардың интернет арқылы кәметке толмағандармен сөйлесіп, жыныстық мақсатта жеке кездесуге сөз байласуы.

Фрейпинг — бала немесе жасөспірімнің жеке парағын иеленіп алып, оның атынан жаман ақпарат жариялауы. Бұл құрбанның беделіне нұқсан келтіреді;

Жалған профиль қолдану — шынайы есім мен фамилиясын не телефон номерін пайдалана отырып, жалған парақша ашу;

Диссинг — бала туралы жалған ақпарат жазу немесе оның атынан жарнама жасау. Бұл баланың беделін түсіріп, басқалармен қарым-қатынасын бұзуы мүмкін;

Кетфишинг — кибербуллер баланың жеке парақшасына ұқсайтын жаңа парақша ашып, ішіне жеке суреттерді салып қоюы. Достар тізіміне баланың достарын қосады, сұраған кісілерге бұрынғы парақшаның бұзып алғанын не парольді ұмытқанын айтып сылтауратуы мүмкін. Осы парақша арқылы өзгелерден ақша сұрап не бала атынан жаман сөздер жазылуы мүмкін.

Грифинг — онлайн-ойындар ойнау барысында қасақана кедергілер келтіру және ойыннан ләззат алуына бөгет жасау.

Секстинг — құрбанның жалаңаш немесе жартылай жалаңаш фотолары мен видеосын орналастыру.

Бэйттинг — басқа адамды әдейі ренжіту.

Маскерейдинг — онлайн харасмент үшін жалған тұлға жасау.

Ростинг — қудалаудың құрбаны «берілгенше» топтық онлайн қудалау.

Троллинг — арандатушылық немесе қорлайтын тақырыптар туралы хабарламалар жіберу.

Киберагрессиямен күресуге бағытталған заңнамалық базаның қалыптаспауына байланысты халықаралық құқықтық қызмет көптеген кедергілерге ие болып отыр. Дегенмен, көптеген елдерде киберқауіпсіздікке қарсы заңнаманы әзірлеу бойынша қадамдар жасалуда.

Халықаралық деңгейде киберқауіпсіздік жалпы қорқыту элементі болып келеді және психологиялық және физикалық зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде танылады. Балалардың құқықтарын қорғауға ерекше назар аударылады. Әлемде кибербуллингпен күресу үш негізгі бағытта жүріп жатыр: интернет-платформалардың қауіпсіздік деңгейін жоғарылату, заңнамамен жұмыс жасау және балалар мен олардың ата-аналарына интернетте қауіпсіздік шараларын үйрету.

Еуропалық Одақ елдерінде киберқауіпсіздікке қарсы күресте қылмыстық немесе азаматтық жауапкершіліктің алдын алуға басымдық беріледі.

Жаңа Зеландияда ғаламтордағы теріс қылықтары үшін түрмеге жабылады. Осындай шешім қабылдаған бірінші мемлекет болды.

Франция билігі 2010 жылы туған балалардың күтпеген жерден кибербуллингке ұшырауын тоқтатуға тырысып жатыр. Кейбіреулер мұның бәрі 2017 жылы американдық Epic Games компаниясы жасаған әйгілі Fortnite компьютерлік ойынынан басталды деп санайды. Тәжірибелі ойыншылар кішілерді жазылмаған ережелерді сақтамады деп айыптады [10].

Ұлыбританияның қолданыстағы заңнамасына сәйкес, интернет-троллингке белгілі бір адамға немесе адамдар тобына бағытталған сексуалдық сипаттағы немесе қорлайтын сипаттағы материалдар, сондай-ақ желіде орналастырылған қатерлер кіреді және екі жылға бас бостандығынан айыру қарастырылған [11]. Ұлыбританияда net-aware.org.uk сайты бар, ол ата-аналарға ұрпақтарының қайда тіркелгенін анықтауға көмектеседі. Әлеуметтік желілерден басқа, ол ата-аналармен ең танымал онлайн ойындар туралы ақпаратты бөлісе алады. 2017 жылдың қазан айында Facebook кеңсесі елдегі барлық жасөспірімдерді әрбір орта мектепте «Интернетке жауапты» көмегімен киберқауіпсіздікке қарсы тұруға үйрету туралы шешім қабылдады. Ал 2014 жылдан бастап ол Йел университетімен бірлесе отырып, қорқытудың алдын алу орталығы арнайы онлайн -жобасын іске қосты [12].

Канадалық ғалымдар интернет троллдарды садистерге ұксатады. Ғалымдардың айтуынша, садизм — бұл басқалардың азабынан ләззат алуға бейімділік.

АҚШ-та барлық штаттарда мектептердің қорлауға жауап беруін талап ететін заңдар бар. Жаңа технологиялардың кеңінен таралуына байланысты киберқорқыту тез таралуда. Қазір көптеген штаттар киберқауіпсіздік туралы заңнамалар қабылданды [13].

Ғалымдар 28 елде Ipsos жүргізген ересектер арасында жүргізілген халықаралық сауалнама нәтижелерін талдаған, олар кибербуллингтің қандай да бір түрін бастан өткерген балалары бар ата-аналар санының өсуін анықтады.

2018–2021 жылдар аралығындағы статистикаға талдау жасайтын болсақ, төмендегідей көрсеткіштерді байқаймыз:

– 6 жастан 10 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналардың 47,7 %-ы балаларының қорлық көргенін;

– 11–13 жас аралығындағы балалары бар ата-аналардың 56,4 %-ы балаларының қорлық көргенін;

– 14–18 жас аралығындағы балалары бар ата-аналардың 59,9 %-ы балаларының қорлық көргенін;

– 19 жастан асқан балалары бар ата-аналардың 54,3 %-ы балаларының қорлық көргенін анықталған [14].

Кибербуллингтің ең көп тараған ерекше түрлеріне мыналар жатады:

– жалған ат қою (42 %);

– жалған қауесет тарату (32 %);

– олар сұрамаған суреттерді алу (25 %);

– күш көрсетем деген қауіптер (16 %);

– ашық суреттерді олардың келісімінсіз жариялау (7 %) [14].

Кибербуллинг жастардың өзіне-өзі қол жұмсау санының өсуіне ықпал етуі мүмкін. Соңғы онжылдықта жас өспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау көрсеткішінің күрт өсуі байқалады. Ұлттық денсаулық статистикасы орталығы (NCHS) 2020 жылы суицид 10-нан 34 жас аралығындағы АҚШ тұрғындарының өлімінің екінші себебі болғанын анықтады.

Зорлық-зомбылық құрбандары мен олардың отбасы үшін ауыр болуы мүмкін. Кибербуллингтен болатын психологиялық зиян, қорқыту сияқты, өзін-өзі бағалаудың төмендігінде, оқу үлгерімінің төмендеуіне, ашуға, мазасыздыққа, депрессияға, мектептен қашуға, мектептегі зорлық-зомбылыққа және суицидке алып келеді. Жас өспірімдердің жартысынан көбі кибербуллингтен кейін ашуланды, шамамен үштен бір бөлігі ауырды, ал 15 пайызға жуығы қорқады [15].

Әлеуметтік желіде кибербуллинг көптеп кездесетіні белгілі. Бірақ бұл құбылыс кез келген онлайн кеңістікте, соның ішінде онлайн-ойындарда болуы мүмкін. Зерттеулерге сәйкес, ойыншылардың 79 % –ы интернетте ойнау кезінде киберқауіпсіздікке ұшырағанын хабарлайды.

«Касперский Лабораториясының» мәліметтері бойынша, Ресей, Үндістан және Қытай қауіпті контентпен кездескен интернет-тұтынушылар бойынша алдыңғы орындарда тұр.

Ұлыбританияда Интернет желісіндегі кәмелетке толмағандардың құқығын қорғаумен 2008 жылы құрылған Интернеттегі балалардың қауіпсіздігі бойынша Кеңес (UK Council for UKCCIS) айналысады. Оған 200-ден астам үкіметтік, заңдық, ғылыми және қайырымдылық ұйымдары кіреді және бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

2017 жылы Италия Парламентінің мақұлдауынан кейін «Интернеттегі қорқытумен күрес туралы заң» (№ 71/17) ресми түрде күшіне енді. Бұл заң балалардың интернеттегі қорқытулардан кейін суицид жасауға алып келген бірнеше оқиғалардан соң қабылданған болатын. Италияның заңнамасында алғаш рет кибербуллингке нақты құқықтық анықтама берілді. Барлық мектеп оқушыларын Интернетті жауапкершілікпен пайдалануға үйрету қарастырылды және осы мәселені шешуге жауапты қызметкердің болуы талап етілді [16].

Бұзақылық пен қорқытуды, әсіресе кибер құқықбұзушылықты қудалауға бағытталған заңдар салыстырмалы түрде жаңа болып табылады және барлық елдерде әлі қабылданған жоқ. Осы себепті көптеген мемлекеттерде қорлауға және жала жабуға байланысты құқықбұзушыларды жазалау үшін басқа да заңдар қолданылады. Кибербуллинг туралы арнайы заңдары бар елдерде эмоционалдық күйзеліс тудыруға бағытталған желідегі мінез-құлқ қылмыстық әрекет болып саналады. Бұл елдердің кейбірінде киберқорлықтың құрбандары қорғауға жүгінуі мүмкін және олармен қарым-қатынасқа тыйым салынады немесе киберқауіпсіздік үшін пайдаланылатын электронды құрылғыларды пайдалануды уақытша немесе біржола шектеуі мүмкін.

Қазақстанның құқықтық тәжірибесінде бұл әлеуметтік құбылыс бар, бірақ ол үшін қылмыстық кодекстің жеке бабы қарастырылмаған. Талдау жасалып отырған «қорқытудың түріне» қатысты Қылмыстық кодекстің баптарын әлеуметтік желілердегі қате пікірлер, жазбалар, жарияланымдар үшін диспозицияны қарастыруға болады. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдаланып қорлағаны үшін қылмыстық қудалау ҚР ҚК 131-бабында, ал жала жапқаны үшін әкімшілік жауапкершілік ӘҚБтК 73–3-бабында көзделген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде баптардың болуына қарамастан, оларға қатысты жеке шағымдар іс жүзінде азаматтық іс жүргізу ережелері бойынша қаралады. Бұл баптар бойынша ақталғаннан кейін немесе іс тоқтатылғаннан кейін жеке айыптаушылар мен олардың қорғаушылары ұқсас азаматтық істер бойынша талапкер болады (ҚР АҚ 143–бабы бойынша) және соттар үшін осы дауды екінші рет қарауға алып келеді.

Жеке айыптау істері бойынша статистика көрсеткендей, бұл әрекеттерді жасауға қарсы қылмыстық тыйым мүлде тиімсіз. Шағымдардың аз ғана бөлігі сотқа жетеді және олардың оншақтысына үкім шығады. Мысалы, Алматы облысының соттарына ҚР Қылмыстық кодексінің 130-бабы бойынша қылмыстық істер түскен: 2018 жылы 63 іс / 59 тұлға; 2019 жылы — 53 іс / 52 адам; 2020 жылдың 14 сәуіріндегі жағдай бойынша 8 жағдай / 10 адам [17].

Қазақстанда «буллинг» түсінігі мүлде болмағандықтан бұл мәселені түбегейлі шешуге, одан қорғанудың бағдарламаларын жасауға мүмкіндік бермейді. Осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «буллинг» түсінігін беретін арнайы топ құрған болатын. Анықтама берілгеннен кейін педагогтер арнайы курстардан өтіп, буллингтің құрбандарына психологиялық көмек көрсетеді.

Қазіргі уақытта кибербуллинг пен буллинг үшін ешқандай жауапкершілік жоқ. Өйткені ол құрастырмалы термин болып отыр, яғни оған көп қылмыстардың түрлері кіреді: бопсалау, қорқыту,

өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу. Елімізде жыл сайын «өзін-өзі өлтіруге дейін» бабы бойынша шамамен 500-ге жуық іс теркеледі және оның 1 пайызы ғана сотқа дейін жетеді. Бұл баптар бойынша тек аз мөлшерде ғана қаулылар шығады. Сондықтан бұл баптар бойынша құқық қолдану тәжірибесін күшейту қажет.

Қазақстан ғылымында кибербуллинг процесі жақында зерттеле бастады. Кибербуллингтің таралуы интернет-технологиялардың дамуымен және интернет-агрессия жағдайларының ұлғаюымен байланысты. Агрессияның бұл түрі жасөспірімдер арасында танымал, себебі құқық бұзушының жеке басы анонимді (жасырын) болып қалуында. Осының салдарынан зорлық-зомбылыққа бейім жасөспірімдер белсенділігі артады.

Кибербуллинг феномені дәстүрлі сипаттағы буллингке ұқсас келеді, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар: анонимділік, уақытсыздық және трансшекаралық, аудиторияның шексіздігі.

Демек, біз кибербуллингті буллингтің бір түрі деп толықтай айта аламыз. Бірақ бұл құбылыс өте күрделілігімен және тез таралуымен ерекшеленеді. Кибербуллингтің пайда болуы Интернет желісінің дамуымен байланысты.

Кибербуллинг психологиялық зорлық-зомбылық түрлеріне жатады. Зерттеулерге сәйкес, ересектер мен құрдастар тарапынан әртүрлі психологиялық зорлық-зомбылықтың құрбанына отбасында және қоғамдық ортадан түрлі зәбір көргендер жатады:

- отбасындағы қатыгез қарым-қатынас жағдайында тәрбиеленіп, күші көп адамдар тарапынан зорлық-зомбылықтың құрбаны болған және әлсіздерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуге дайын жасөспірімдер;
- панасыз, қадағалаусыз, жеткілікті күтімсіз жағдайда тәрбиеленген, жылулық көрмеген және көбінесе психофизикалық дамуда артта қалған, қауіптілік дәрежесін бағалай алмайтын, зорлық-зомбылыққа қарсы тұра алмайтын жасөспірімдер;
- «жөк» деп айта алмайтын, қорқынышты және бағыныштылық негізде тәрбиеленген жасөспірімдер;
- психикалық және физикалық ауытқулары бар (психопатия, олигофрения, орталық жүйке жүйесінің органикалық ауруларының салдары, бас сүйек-ми жаракаты, қоян ерін), қауіпті жағдайларды бағамдай алмайтын жасөспірімдер;
- әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан жасөспірімдер.

Қоланыстағы әдебиеттерде кибербуллингке мынадай анықтама берілген. Кибербуллинг – мобильдік телефондардың, интернеттің, өзге де электрондық құрылғылардың көмегімен кемсіту (анық емес бейнелер мен фотосуреттерді жіберу, қоңырау шалу, қауесеттерді тарату және т.б.).

Жоғарыда аталған пікірлерді және шетелдік ғалымдардың еңбектерін саралау нәтижелерін ескере келе, мынадай анықтама береміз:

Кибербуллинг — белгілі бір уақыт ішінде топ немесе жеке тұлғаның электрондық құралдарды қолдана отырып, жүйелі түрде жәбірленушіні қудалауға бағытталған қасақана агрессивті әрекеттер.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуіне сәйкес, 11 жастағы мектеп оқушыларының Латвияда — 64 %, Ресейде — 50 %, Бельгияда — 46 %, Австрия, Люксембург және Шотландияда — 32 %, Канада мен Швейцарияда — 30 %, Францияда — 25 % буллингке ұшыраған. Қоғамдық денсаулық сақтаудың ұлттық орталығының мектеп оқушылары арасындағы жүргізген сауалнамасының нәтижесі бойынша 1115 жасөспірім екі айға жуық аралықта кибербуллингтің құрбаны болғаны немесе оған өздері қатысқаны белгілі болды. Мамандардың айтуы бойынша, мемлекетіміздегі әрбір бесінші бала киберқудалаудың құрбанына айналған. Сауалнамаға қатысқан 11–15 жас аралығындағы оқушылардың 17 пайызы мектепте бір айдан аса буллингке ұшыраған, ал шамамен 20 пайызы қудалауға қатысқан. Көбінесе буллингке 11–13 жас аралығындағы қалалық мектепте оқитын ұл балалар ұшыраған [18].

Бізге кез келген зорлық-зомбылық түріне деген нөлдік төзімділікті қалыптастыру қажет. Ал буллинг — зорлық-зомбылықтың психологиялық түрі, ол кейін өзіне-өзі қол жұмсауға дейін жеткізуі мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей балалар өздерінің дене бітіміне қатысты мазақтайтын хабарламалар алғанын және өзіне-өзі қалай қол жұмсауы керектігі туралы ұсыныстар келіп түскенін мойындаған. Кәмелетке толмағандар өздерінің фотосуреттерінің сексуалдық сипатта өңделген түрін алғандығын және оны интернет желісіне жүктелетіні туралы қорқытулар алғандығын хабарлаған. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы кибербуллинг жасаған тұлғалардың көпшілігі өздерімен бір мектепте оқитын құрбылары болып шыққан.

Қазақстандық балалар күрделі әлеуметтік проблемалардан қашып, өзінің өмірін виртуалды өмірде жалғастырады. Сөйтіп киберқылмыскерлердің құрбанына айналады. Олар өздері туралы мәліметтерді ашық жариялайды, танымайтын адамдармен әңгімелесу арқылы бастарын қауіп-қатерге тігеді. Авторлардың жүргізген сауалнамалары көрсеткендей, әрбір бесінші бала аптасына 1–2 рет әлеуметтік желілер арқылы қудалауға ұшыраған.

Адамдарды топтан оқшаулап тастағанын «үнсіздік спиралымен» салыстыруға болады. «Үнсіздік спиралы» теориясы (Spiral of Silence) адамдарға кейде қорқытқанда неге сөйлей алмайтынын түсінуге көмектеседі. Теория бойынша қорқыту құрбандары қашатын жері болмағандықтан, одан да оқшаулануға бейім болып келеді. «Үнсіздік спиралы» түсінігін белгілі неміс әлеуметтанушысы Э. Ноэль-Нейман қоғамдық пікірдің қалыптасу мәселесіне байланысты ұсынған болатын [19: 31].

«Үнсіздік спиралы» теориясы бойынша, адамдар өздерінің көзқарасы көпшіліктің пікірімен сәйкес келмейді деп қорқып, үндемеуге бейім болады. Бұл үнсіздіктің себебі — олар қабылданбайды деген қорқыныш пен оқшауланудан қорқу. Адамдар неғұрлым ұзақ үндемей қалса, олар өз пікірін айтқысы келмеген кезде толық үнсіздік күйіне енеді.

Kaspersky Lab компаниясының 2019 жылғы мәліметі бойынша, Қазақстанда ата-аналардың 66 пайызы өздерінің балаларына жеке компьютер немесе ұялы телефон алып берген; 18 жасқа толмағандардың жартысынан көбі күнделікті ұялы телефонды пайдаланады және 41 пайызы желідегі буллингке, алаяқтыққа және басқа да қауіп-қатерлерге ұшыраған.

К.А. Барышева кибербуллингтен балаларды қорғау үшін қажетті қорғау механизмдерді дайындауға ерекше көңіл бөлуге шақырады. Бірақта оның ойынша, кибербуллинг қылмыстық кодекстің құзыретіне кірмейді. Өйткені көп жағдайда кибербуллингпен қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жасқа жетпеген жасөспірімдер айналысады [20: 62].

Кибербуллингтің қоғамдық қауіптілігі азаматтардың жеке өміріне қол сұғумен байланысты болады. Мұндай жеке тұлғаның өміріне араласу адамның физикалық және моральдық денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Елімізде адамды қудалау үшін жауапкершілік жоқ, тек заң шығарушы жеке өмірге араласуға тыйым салатын бірнеше баптармен шектелді. Эмоционалды терроризм, тұрақты қоңыраулар, қажетсіз сыйлықтар, хабарламалар, әлеуметтік желілердегі қудалау сияқты құбылыстар адам өмірінің бей-берекетін кетіруі мүмкін. Осындай әрекеттер моральдық зияннан басқа телефон нөмірін өзгерту шығындарына, тыныштандыратын дәрі-дәрмек алуға, психотерапевтке, психикалық шаршау салдарынан мүгедектікке, депрессияға, созылмалы аурулардың өршуіне әкеледі.

Кибербуллингке қарсы күресте желідегі агрессивті мінез-құлық үшін қылмыстық немесе азаматтық жауапкершіліктерге басымдық беріледі. Алдын алудың негізгі бағыты балалар мен жасөспірімдердің желідегі негізгі құндылықтарын қалыптастыруға бағытталады. Сөйтіп кибербуллингтің құрбаны болудан немесе агрессивті болудан құтқаруға болады.

2020 жылғы зерттеуге сәйкес кибербуллинг көбінесе мынадай сайттарда орын алады:

- әлеуметтік желілер (сауалнамаға қатысқан пайдаланушылардың 66 %);
- веб-сайттардағы пікірлер бөлімі (пайдаланушылардың 22 %);
- онлайн ойындар (пайдаланушылардың 16 %);
- жеке жіберу (пайдаланушылардың 16 %);
- онлайн форумдар (10 %);
- танысу сайттары (6 %).

Кибербуллингтің ерекше белгілерінің бірі — ақпараттың тез қарқынмен таралуы. Интернетте ақпарат бірнеше секундта таралып, бірнеше минутта салынған видеоны мыңдаған адамдар көруі мүмкін. Ал әлеуметтік желіге салынған ақпаратты толығымен өшіру үшін көп уақытты талап етеді. Сонымен қатар оның тарауына анонимдікте көп септігін тигізеді.

Кибербуллингті жүзеге асыру үшін келесі платформалар мен мүмкіндіктер пайдаланылады:

- ұялы байланыс (SMS хабарламалар);
- мобильді қосымшалар және жедел хабаршылар;
- Интернеттегі чаттар мен форумдар;
- электрондық пошта (хабарламаларды жіберу);
- әлеуметтік желілер (В Контакте, Inistagam, YouTube, TikTok және т.б.);
- бейнехостинг қызметтері;
- ойын сайттары және виртуалды ойын әлемдері.

Буллинг пен кибербуллинг тығыз байланыста болады. Өйткені шынайы өмірде буллингке ұшыраған бала әлеуметтік желілерде кибербуллингке жиі ұшырайды. Буллинг оқушының білім сапасына да әсер етеді. Буллингке ұшыраған оқушылардың сабақ үлгерімі нашарлайды, агрессивті мінез-құлық пайда болады, тіпті алкогольдік және нашакорлық заттарды пайдалану қаупі туындайды.

Көптеген мемлекеттерде буллингке қарсы тұру бойынша шаралар жасалуда. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей буллингке қарсы ескерту және алдын алу бағдарламаларын қабылдау мектептегі зорлық-зомбылықты 25 пайызға төмендетеді.

Өкінішке орай, Қазақстанда кәмелетке толмағандардың арасындағы кибербуллинг профилактикасы бойынша мұғалімдерді және ата-аналарды, құқық қорғау органдары қызметкерлерін дайындайтын кешенді бағдарламалар жоқ. Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ақпараттық кеңістіктегі мінез-құлықтың этикалық нормаларын нығайту бойынша ресми түсінік болмай тұр. Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі ережелер мен әдістер туралы білімдерін жетілдіру арқылы және кәмелетке толмағандармен жұмыс жасайтын мамандардың өзара тығыз жұмыс жасауы арқылы ғана кибербуллингпен күрес тиімді болады.

Жалпы білім беру ұйымдары мектеп оқушыларының медиа құзыреттілігін дамытуға жағдай жасау үшін жауап беруі керек. Бұл оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға, оқушылардың физикалық және әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Буллингтің құрбаны болған балалардың отбасында дене жаракатын келтіру, зорлық-зомбылық әдістері басым болады немесе бала гиперқадағалау да болып, оны әлсіз және дәрменсіз болуға алып келеді. Оған әсер ететін себептерге ата-аналарының ажырасуы, қайтадан отбасын құруы, ата-анасының біреуінің қайтыс болуы, отбасылық дағдарыс жатады.

Д.Олвеус өзінің «Буллинг в школе: что мы знаем и что мы можем сделать» атты кітабында агрессорлар мен оның құрбандарына қатысты сипаттама береді. Оның пайымдауынша, агрессорларға мынадай белгілер тән:

- басқаларды өзіне өте қатты бағынышты қылу;
- үлкендерге, мұғалімдерге және ата-анасына қарсы агрессия мен бағынбаушылық көрсету;
- құрбандарға ешқандай аяушылықтың болмауы.

Ал құрбандарға қатысты белгілер:

- ұялшақ және тұйық;
- өзіне-өзі сенімді емес;
- құрбыларына қарағанда депрессияға және суицидке бейім;
- жақын достары (құрбылары) болмайды [21].

Білім беру мекемелерінде педагогтердің да буллингке әсер ету жағдайлары кездеседі. Оқытушы тарапынан қудалаудың құрбанына девиантты мінез-құлықты, оқу үлгерімі нашар, әлеуметтік мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар ұшырайды.

Буллингке қатысушылардың тағы бір субъектісіне куәгерлерді жатқызуға болады. Олар бақылаушылық қызмет атқарып, бейтараптық көрсетеді. Болып жатқан қудалау процесінде көрермен болады және агрессорды қудалауды жалғастыруына итермелейді. Куәгерлердің рөлі өте жоғары болып табылады. Өйткені қудалауды мақұлдайтын болса, зорлық-зомбылық одан ары жалғасады. Ал қудалаудың құрбаны жағына шығып, оған қолдау көрсететін болса, буллингтің тоқтауына алып келуі мүмкін. Көп жағдайда куәгерлер қудалаудың құрбаны жағына шығуға қорқады, өйткені өздері қудалауға ұшырауы мүмкін. Сөйтіп рөлдерді бөлу буллингтің міндетті белгісі болып табылады. Бұл рөлдерді бөлу кибербуллингте де жалғасады.

Еліміздегі кейбір мектептерде буллингтің алдын алу мақсатында антибуллингтік комитеттер құрыла бастады. Антибуллингтік комитет — мектеп әкімшілігі, мұғалімдер ұжымы, ата-аналар комитеті өкілдері, психолог және белсенді оқушылардан тұратын атқарушы орган. Олар буллингке қарсы саясатты жүзеге асыруға көмектеседі. Антибуллинг комитет педагогтер мен оқушылар және оның ата-аналары арасындағы қудалауға қарсы мәселелерді шешетін «көпір» болып табылады. Бұл ұйымның негізгі мақсаты:

- буллингтен қауіпсіз ортаны қалыптастыру;
- кәмелетке толмағандардың қиын жағдайға тап болған кезінде оны шешудің әдістеріне үйрету;
- ақпараттық үгіт-насихат жүргізу;
- қудалау фактілері бойынша өтініштерді қарастыру және шұғыл түрде әрекет ету.

Ақпараттық қауіпсіздік және кибербуллингтің профилактикасы бойынша міндетті түрде танымдық сабақтар өткізілуі қажет. Бұл сабақтардың өткізілу әдістері оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты бейімделуі тиіс. Қазіргі уақытта буллингке қарсы әрекет ету үшін медиация институты тәжірибеге енгізілуде. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңының 2-бабына сәйкес, медиация — тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі деп қарастырылған [22].

Мектеп медиациясының мақсаты — кәмелетке толмағандар арасындағы қақтығыстар деңгейін төмендету, оларды реттеу және қауіпсіздік ортаны қалыптастыру.

Бастауыш сыныптарда балалардың физикалық және психикалық деңгейін, жасын ескере отырып, медиатордың міндетін сынып жетекшісі атқарады. Зерттеушілердің көзқарасы бойынша, орта сыныптарда медиаторлар үйірмесін немесе клубтарын құрған тиімді болады. Ал жоғарғы сыныптарда медиатор ерікті негізде жүргізіледі немесе мектеп тарапынан қаржылануы мүмкін. Америкалық ғалымдардың пайымдауына, мектеп медиациясы мектептің әкімшілігі тарапынан ғана қолдау таппауы керек, қажет болса, материалдық жағынан көмек көрсетілуі тиіс. Яғни, ол медиация процесіне қатысушылардың құлшынысын арттырады [23].

Буллингке қарсы мәселелерді шешу барысында медиацияның атқаратын пайдасы көп. Егер оның жұмысының алгоритмін дұрыс құрастыра білсек тиімділігі артады. Өкінішке орай біздің елімізде осы саланың мамандарын дайындау немесе қайта даярлау механизмі дұрыс дамымаған.

Балаларды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен қорғау үшін бюджеттен жаңа мемлекеттік бағдарлама бойынша 2020–2025 жылдарға 2,4 млрд теңге (жылына — 400 млн. теңге) бөлінген. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң жобасы әзірлену үстінде. Бұл заң балалардың Интернет желісіндегі құқықтарын қорғайды деп ойлаймыз. Осы заңда алғаш рет «буллинг» түсінігі беріледі және Білім және ғылым министрлігі кәмелетке толмағандарға қатысты буллингтің алдын алу ережелерін әзірлеп, бекіте алады.

Қазақстан ғылымында кибербуллинг процесі енді ғана зерттеле бастады. Негізінен кибербуллингтің таралуы интернет-технологиялардың дамуымен және интернет-агрессия жағдайларының ұлғаюымен байланысты. Агрессияның бұл түрі жасөспірімдер арасында танымал, себебі, құқық бұзушының жеке басы анонимді (жасырын) болып қалуында. Осының салдарынан зорлық-зомбылыққа бейім жасөспірімдер белсенділігі артады.

Кибербуллинг феномені дәстүрлі сипаттағы буллингке ұқсас болғанымен, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар екенін естен шығармауымыз керек (анонимділік, уақытсыздық және трансшекаралық, аудиторияның шексіздігі). Кибербуллингті буллингтің бір түрі деп айтуымызға болады. Бірақ бұл құбылыс өзіндік өте күрделілігімен және тез таралуымен ерекшеленеді. Кибербуллингтің пайда болуы интернет желісінің дамуымен байланысты.

Жоғарыда аталған пікірлерді және шетелдік ғалымдардың еңбектерін саралап, нәтижелерін ескере келе, мынадай анықтама береміз:

Кибербуллинг — белгілі бір уақыт ішінде топ немесе жеке тұлғаның электрондық құралдарды қолдана отырып, жүйелі түрде жәбірленушіні қудалауға бағытталған қасақана агрессивті әрекеттер.

Қорытынды

Ұзақ уақытқа дейін балалар арасындағы бірін-бірі қорлауы олардың есею процесінің бір бөлігі ретінде қаралып, ғалымдармен қажетті деңгейде зерделенбей келді. Балалардың өзіне-өзі қол жұмсауының өсуі ғалымдар тарапынан буллингке деген көзқарастың өзгеруіне алып келді.

Қазақстан Республикасында осындай әлеуметтік құбылысқа деген құқықтық және қоғамдық көзқарас қалыптасып келеді. Қазақстан Республикасы Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының «денсаулыққа қатысты мектеп жасындағы балалардың мінез-құлқының» (Health behavior in school-aged children (HBSC)) мәліметі бойынша 11 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 20 %-ы мектептегі буллингке ұшыраған.

Балалар арасындағы буллингтің кең тарауына мынадай себептер әсер етеді:

- құқықтық нигилизм, билік және құқық қорғау органдарына деген сенімсіздік;
- бұқаралық ақпарат құралдарының әсері және зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттау;
- балалар үшін тегін үйірмелер мен секциялардың аздығы.

Жасөспірімдік шақтағы қорқыту мен кибербуллинг проблемасы бойынша отандық және шетелдік философиялық, социологиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау цифрлық ортада жасөспірімдердің алдын алудың негізгі бағыттарын тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- «кибербуллинг» түсінігін қазақстандық заңнамаға енгізу қажеттігі уақыт талабы болып отыр;
- кибербуллинг және буллинг профилактикасымен айналысатын педагогтардың психология-педагогикалық шеберлігін жоғарлату;
- киберқауіпсіздікті қамтамасыз ететін «киберполицияны» құруымыз керек.

Ең бастысы қайрғы қалыптасқан жағдайда өмір сүруді үйрену және «жаңа қауіптерге» тез арада төтеп бере алуға бейімделуіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кибербуллинг, или травля в Интернете: Разбираемся и советуем как от него защититься [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cabar.asia/ru/kiberbulling-ili-travlya-v-internete-razbiraemysya-i-sovetuem-kak-ot-nego-zashchitsya>.
- 2 80 % жертв кибербуллинга среди подростков — девочки — эксперт [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/item/128288-80-zhertv-kiberbullinga-sredi-podrostkov-devochki-ekspert>.
- 3 Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». 2020 жылғы 1 қыркүйек [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
- 4 В 2021 году выявлено около 140 тысяч фактов кибербуллинга в социальных сетях [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://inbusiness.kz/ru/last/vy-eshe-multfilmy-sozdajte-nigmatulina-ne-ustroila-rabota-po-zashite-ot-kiberbullinga>
- 5 Latane B. *Ten years of research on group size and helping* / B. Latane, S. Nida // *Psychological Bulletin*. – 1981. Retrieved from <https://doi.org/10.1037/0033-2909.89.2.308>
- 6 Olweus D. *Victimization by peers: Antecedents and long-term outcomes* / D. Olweus // Lawrence Erlbaum Associates, 1993. Retrieved from <https://doi.org/10.4324/9781315799544-25>
- 7 Benjamini Y. *Controlling the false discovery rate: A practical and powerful approach to multiple testing.* / Y. Benjamini, Y. Hochberg // *Journal of the Royal Statistical Society*, 1995.
- 8 Slonje R. *Cyberbullying: Another main type of bullying?* / R. Slonje, P.K. Smith // *Scandinavian Journal of Psychology*, 2008. Retrieved from <https://doi.org/10.1111/j.1467-9450.2007.00611.x>
- 9 Tokunaga R.S. *Following you home from school: A critical review and synthesis of research on cyberbullying victimization.* / R.S. Tokunaga // *Computers in Human Behavior*. – 2010. Retrieved from <https://doi.org/10.1016/j.chb.2009.11.014>
- 10 Французские власти пытаются остановить неожиданную травлю детей, рожденных в 2010 году [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.bbc.com/russian/news-58603527>
- 11 Интернет-троллей в Британии будут сажать на два года [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://www.bbc.com/russian/uk/2014/10/141019_uk_to_jail_internet_trolls
- 12 Подростки в соцсетях: небезопасная жизнь [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.bbc.com/russian/features-42705761>
- 13 What Is Cyberbullying. Retrieved from: <https://www.stopbullying.gov/cyberbullying/what-is-it>
- 14 Sam Cook *Cyberbullying facts and statistics for 2018—2021.* — Retrieved from: <https://www.comparetech.com/internet-providers/cyberbullying-statistics/>
- 15 National Crime Prevention Council (2021). *Stop Cyberbullying Before it Starts.* Retrieved from <https://archive.ncpc.org/resources/files/pdf/bullying/cyberbullying.pdf>
- 16 Ferrara P., Ianniello F., Villani A., Corsello G. (2018). *Cyberbullying a modern form of bullying: let's talk about this health and social problem.* / P. Ferrara, F. Ianniello, A. Villani, G. Corsello // *Italian Journal of Pediatrics*, 2018. <https://doi.org/10.1186/s13052-018-0446-4>
- 17 Кибербуллинг. Или немного об Интернет-травле. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37000746#pos=5;-88
- 18 В Казахстане законодательно закрепят понятие «буллинг». [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://mk.kz/social/2021/03/10/v-kazakhstane-zakonodatelno-zakrepyat-ponyatie-bulling.html>
- 19 Ноэль-Нойман Э. Общественное мнение. Открытие спирали молчания / Э. Ноэль-Нойман; пер. с нем. Н.С. Мансурова. — М.: Прогресс-Академия; Весь Мир, 1996. — 352 с.
- 20 Барышева К.А. Определения понятия и общественно опасной природы киберсталкинга / К.А.Барышева // *Адвокат*. — 2016. — № 10. — С. 60–66.
- 21 Olweus D. *Bullying at School: What we know and what we can do* / D. Olweus. – Oxford: Blackwell Publishers, 1993.
- 22 «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>
- 23 Cate Malek. *School Mediation Programs* / Cate Malek. — Retrieved from: <https://www.beyondintractability.org/coreknowledge/school-based-mediation>

С.К. Кумисбеков, С.М. Сабитов, М.Т. Акимжанова

Проблемы профилактики кибербуллинга на современном этапе

Агрессивное поведение в Интернет-пространстве становится все более распространенным среди подростков в Казахстане и за рубежом. В настоящее время кибербуллинг является довольно распространенной и массовой проблемой. Такой форме психологического насилия наиболее подвержены подростки в школе. С развитием информационных технологий и иных средств коммуникации травля подростков переходит из реальной жизни в Интернет. В статье представлен обзор некоторых современных зарубежных исследований, посвященных изучению проблемы буллинга и кибербуллинга в образовательной среде. Дана краткая характеристика основных особенностей указанной проблемы, проанализированы основные причины возникновения кибербуллинга. Особое внимание уделено отсутствию в законодательстве Казахстана эффективных средств защиты от кибербуллинга. На основе результатов исследования сделан следующий вывод: незначительный размер наказания и отсутствие судимости по данным категориям дел порождают у граждан чувство вседозволенности и безнаказанности, что, в свою очередь, неизменно приводит к росту кибербуллинга. В статье предложено внедрить практику медиации для эффективной борьбы с буллингом. Раскрыты вопросы необходимости дальнейшего изучения проблемы и разработки профилактических мероприятий, направленных на предотвращение возникновения и развития травли среди учащихся. Это исследование дает возможность разрабатывать меры пресечения и профилактики кибербуллинга. Обоснована необходимость комплексного изучения кибербуллинга усилиями педагогов, психологов, социологов и юристов.

Ключевые слова: кибербуллинг, агрессия, профилактика буллинга, виды кибербуллинга, зарубежный опыт, девиантное поведение, медиация, насилие.

S.K. Kumisbekov, S.M. Sabitov, M.T. Akimzhanova

Cyberbullying prevention problems at the present stage

Aggressive behavior in the Internet space is becoming more and more common among teenagers in Kazakhstan and abroad. Currently, cyberbullying is a widespread problem. Teenagers at school are the most susceptible to this form of psychological violence. With the development of information technologies and other means of communication, bullying of teenagers is moving from real life to the Internet. A brief description of the main features of this problem is given, the main causes of cyberbullying are analyzed. The article is devoted to the review of foreign studies of cyberbullying — bullying with the help of modern technologies and the Internet — among teenagers and young people. Particular attention is paid to the lack of effective means of protection against cyberbullying in the legislation of Kazakhstan. The authors of the study conclude that the insignificant amount of punishment and the absence of a criminal record in these categories of cases give rise to a sense of permissiveness and impunity among citizens, which led to an increase in cyberbullying. The article proposes to introduce the practice of mediation to effectively combat bullying. The issues of the need for further study of the problem and the development of preventive measures aimed at preventing the occurrence and development of bullying among students are revealed. This study makes it possible to develop measures for the suppression and prevention of cyberbullying. The necessity of studying cyberbullying by the efforts of teachers, psychologists, sociologists, and lawyers is substantiated.

Keywords: cyberbullying, aggression; bullying prevention, types of cyberbullying, foreign experience, deviant behavior, mediation, violence.

References

- 1 Kiberbulling, ili travlia v Internete: Razbiraemsia i sovetuem kak ot nego zashchititsia [Cyberbullying or harassment on the Internet: We understand and advise how to protect ourselves from it]. *cabar.asia.ru*. Retrieved from <https://cabar.asia/ru/kiberbulling-ili-travlya-v-internete-razbiraemsia-i-sovetuem-kak-ot-nego-zashhititsia> [in Russian].
- 2 80 % zhertv kiberbullinga sredi podrostkov — devochki — ekspert [80 % of the victims of cyberbullying among teenagers are girls — expert]. *khabar.kz*. Retrieved from <https://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/item/128288-80-zhertv-kiberbullinga-sredi-podrostkov-devochki-ekspert> [in Russian].
- 3 Memleket basshysy Q.–Zh.K. Toqaevtyн Qazaqstan khalqyna Zholdaуy. «Zhana zhagdaidagy Qazaqstan: is-qimyl kezeni». 2020 zhylgy 1 qyrkuiek [Address of the Head of State K.-J.K. Tokayev to the people of Kazakhstan. “Kazakhstan in a new situation: a stage of action”. September 1, 2020]. *base. akorda.kz*. Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaуy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek [in Kazakh].

- 4 V 2021 godu vyjavleno okolo 140 tysiach faktov kiberbullinga v sotsialnykh setiakh [In 2021, about 140 thousand facts of cyberbullying in social networks were revealed]. *inbusiness.kz*. Retrieved from <https://inbusiness.kz/ru/last/vy-eshe-multifilmy-sozdajte-nigmatulina-ne-ustroila-rabota-po-zashite-ot-kiberbullinga> [in Russian].
- 5 Latane, B., & Nida, S. (1981). *Ten years of research on group size and helping*. Psychological Bulletin. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.89.2.308>
- 6 Olweus, D. (1993). *Victimization by peers: Antecedents and long-term outcomes*. Lawrence Erlbaum Associates. <https://doi.org/10.4324/9781315799544-25>
- 7 Benjamini, Y., & Hochberg, Y. (1995). *Controlling the false discovery rate: A practical and powerful approach to multiple testing*. Journal of the Royal Statistical Society.
- 8 Slonje, R., & Smith, P.K. (2008). *Cyberbullying: Another main type of bullying?* Scandinavian Journal of Psychology. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9450.2007.00611.x>
- 9 Tokunaga, R.S. (2010). *Following you home from school: A critical review and synthesis of research on cyberbullying victimization*. Computers in Human Behavior. <https://doi.org/10.1016/j.chb.2009.11.014>
- 10 Frantsuzskie vlasti pytaiutsia ostanovit neozhidannuiu travliu detei, rozhdennykh v 2010 godu [French authorities are trying to stop the unexpected harassment of children born in 2010]. *bbc.com*. Retrieved from <https://www.bbc.com/russian/news-58603527> [in Russian].
- 11 Internet-trollei v Britanii budut sazhat na dva goda [Internet trolls in Britain will be imprisoned for two years]. *bbc.com*. Retrieved from https://www.bbc.com/russian/uk/2014/10/141019_uk_to_jail_internet_trolls [in Russian].
- 12 Podrostki v sotssetiakh: nebezopasnaia zhizn [Teenagers in social networks: unsafe life]. *bbc.com*. Retrieved from <https://www.bbc.com/russian/features-42705761>
- 13 What Is Cyberbullying. *stopbullying.gov*. Retrieved from <https://www.stopbullying.gov/cyberbullying/what-is-it>
- 14 Sam Cook Cyberbullying facts and statistics for 2018—2021. *comparitech.com*. Retrieved from <https://www.comparitech.com/internet-providers/cyberbullying-statistics/>
- 15 National Crime Prevention Council (2021). *Stop Cyberbullying Before it Starts*. Retrieved from archive.ncpc.org/resources/files/pdf/bullying/cyberbullying.pdf
- 16 Ferrara, P., Ianniello, F., Villani, A., & Corsello, G. (2018). *Cyberbullying a modern form of bullying: let's talk about this health and social problem*. Italian Journal of Pediatrics. <https://doi.org/10.1186/s13052-018-0446-4>
- 17 Kiberbulling. Ili nemnogo ob Internet-travle [Cyberbullying. Or a little bit about Internet bullying]. *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37000746#pos=5;-88 [in Russian].
- 18 V Kazakhstane zakonodatelno zakrepiat poniatie «bullying» [The concept “bullying” will be enshrined in Kazakhstan]. *mk-kz.kz*. Retrieved from <https://mk-kz.kz/social/2021/03/10/v-kazakhstane-zakonodatelno-zakrepyat-ponyatie-bullying.html> [in Russian].
- 19 Noel-Noiman, E. (1996). *Obshchestvennoe mnenie. Otkrytie spirali molchaniia* [Public opinion. Opening the spiral of silence]. (N.S. Mansurov, Trans). Moscow: Progress-Akademiia; Ves Mir [in Russian].
- 20 Barysheva, K.A. (2016). *Opredeleniia poniatii i obshchestvenno opasnoi prirody kiberstalkinga* [Definitions of the concept and socially dangerous nature of cyberstalking]. *Advokat – Lawyer*, 10, 60–66 [in Russian].
- 21 Olweus, D. (1993). *Bullying at School: What we know and what we can do*. Oxford: Blackwell Publishers.
- 22 «Mediatsiia turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 28 qantardagy No. 401-IV Zany [Law of the Republic of Kazakhstan of January 28, 2011 No. 401-IV “On Mediation”]. (n.d). *online.zakon.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> [in Kazakh].
- 23 Cate Malek. *School Mediation Programs*. *beyondintractability.org*. Retrieved from <https://www.beyondintractability.org/coreknowledge/school-based-mediation>